



Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий МЕДВЕДЕВТІҢ сөйлеген сөзі



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан, осы отырған барлығымыз осындай өнімдердің көлемінің ұлғая түсуіне мүдделі болуымыз қажет. Бұл басқосуымыздың мән-маңызы да осында жатыр. Форум аясында қол қойылатын келісімдер де осы мақсатқа бағытталатынын айта кеткен жөн секілді.

Экономиканы модернизациялау – Ресей үшін де, Қазақстан үшін де өзекті мәселе. Бұған өзара түсіністік пен ортақ мүдделер тұрғысында ғана қол жеткізетініміз анық. Сондықтан, бұл мәселемен алдағы күндерде де шұғылданатын боламыз. Қазақстан мен Ресей арасындағы көп жылдық тәжірибе көптеген іргелі істерді іркілмей атқаруға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз қарапайым мысалмен айтсақ, бірыңғай технологиялық байланыс тізбегін қайта жаңғырту немесе қайта құру. Бұл бағытта бірлесе қолға алынып жатқан маңызды жобалар аз емес. Мәселен, атомдық энергетика, ғарыш немесе нанотехнологиялар саласы. Әсіресе,

аталған жобалардың ішінде өңірлердің алар орны айрықша екенін бөлек-жаратайтуға тиіспіз.

Энергетикалық ынтымақтастық мәселесін де назардан

Дмитрий МЕДВЕДЕВ:

– Экономиканы модернизациялау – Ресей үшін де, Қазақстан үшін де өзекті мәселе. Бұған өзара түсіністік пен ортақ мүдделер тұрғысында ғана қол жеткізетініміз анық. Сондықтан, бұл мәселемен алдағы күндерде де шұғылданатын боламыз. Қазақстан мен Ресей арасындағы көп жылдық тәжірибе көптеген іргелі істерді іркілмей атқаруға мүмкіндік береді. Аймақаралық ынтымақтастық форумы жұмысының нәтижелі болатындығына сенемін.

шығармағанымыз абзал. Нұрсұлтан Әбішұлының энергияны үнемдеу мен энергетикалық балама туралы айтқан пікірлеріне толықтай қосыламын. Бұған қосарым, қуаты күшті жаңа нысандарды құру кезінде ең үздік үлгілерді енгізгеніміз дұрыс. Мәселен, Екібастұз МАЭС-та (мемлекеттік аудандық электр стансасы) салынып жатқан үшінші энергожүйе құрылысына әзірлік жұмыстарына форум аясында бекітілген құжаттар негіз болса, дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Тиімді көлік жүйесіз экономикалық байланыстардың қанатының кеңге жайылуы мүмкін емес. Біз қазір Батыс Еуропа – Батыс Қытай атты халықаралық бағыттағы ауқымды жобамен жұмыс істеп жатырмыз. Мұның ішінде біздің өңірлер арқылы өтетін автомобиль жолдары да бар. Ендігі міндетіміз осы жобалардың жедел түрде жүзеге асуы үшін бірқатар саяси және экономикалық шешімдер қабылдауымыз қажет.

Қазіргі уақытта Каспий теңізі мен Азов – Қара теңіз бассейні арасында су жолы байланыстарын жетілдіру үшін жаңа артерия құрылысы жобасының техникалық-экономикалық бағалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біз бұл бастаманың маңыздылығын ескере отырып осы мәселені жақын күндері жан-жақты талқыламақ ойымыз бар.

Көші-қон саясаты қос мемлекет үшін де маңызды. Оның ішінде экономикалық көші-қонның орны бөлек. Бұл салада нормативтік база құруды, нақтырақ айтсақ, көші-қон саясаты федеральдық қызметінің құқықтық мәртебесі мәселесін шешу жолдарын қолға алып жатырмыз. Біз бірнеше келісімдерге қол қоюымыз қажет. Оның ішінде Ресей, Қазақстан мен Беларусь елдері азаматтарының Кедендік одақ аясында келіп-кету мәселесінің бірыңғай жүйесін қалыптастыруымыз керек. Біз жұмыс барысын жеделдетуді келісілген жобаға сәйкес жүргізуге келістік.

Қос елдің ынтымақтастығының сан алуан салада жалғасын тауып жатқаны қуантады. Ғылым мен білім саласы, жастар мен қоғамдық құрылымдар... Қай-қайсысын алсақ та тың серпінге ие. Қос мемлекеттің білім саласында бірлесіп жүзеге асырып жатқан бағдарламалары

қаншама. Қаншама студент қос елдің жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Бұл дұрыс және осы бағыттағы қарым-қатынасты толық деңгейде жүзеге асыруымыз керек.

Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде бірнеше игі бастамаларды тілге тиек етті. Әртүрлі экологиялық жүйені техногендік апаттардан қорғауды қазіргі заманға сәйкес ұйымдастыру керек деді. Мұнымен толықтай келісемін. Осы ретте форумға қатысушылардың назарын Ресей Федерациясының «Үлкен сегіздік» және «Үлкен жиырмалық» аясында көтерген бастамасына аудартқым келеді. Бұл Мексика бұғазында орын алған апатты жағдайға берілген жауап болатын. Біз өзіміздегі нысандардың осындай жағдайларға қаншалықты дайын екенін естен шығармауымыз қажет. Осы бағытта бірлескен жобаларды қолға алып жатсақ нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын. Қазақстандық әріптестерімді біздің мемлекетте қолға алынып, оны әлемнің ал-

пауыт елдері қызу талқылап жатқан жобалармен жақынырақ танысуға шақырамын. Келешекте ол жобаларды біздер үшін маңызды саналатын Каспий теңізі және өзге де трансшекаралық аймақтардағы бассейндер мен өзендерді

игеруге қатысты іс-шараларға пайдалансақ орынды болар деп ойлаймын. Қорғалатын су аумақтары тақырыбы біздер үшін қашанда өзекті де өткір мәселе. Сондықтан бұл бағытта бірлесіп әрекет етіп, Орталық Азия үшін не маңызды, қандай өңірлерде су тапшылығы байқалады деген секілді мәселелерді мұқият зерделей түскеніміз абзал. Биылғы жыл біздің өңірімізде осындай мәселенің бар екенін көрсетіп берді. Сол себепті жауырды жаба тоқымай, өзекті мәселені ашық талқыға салғанымыз жөн.

Энергияны үнемдеу мәселесі Ресей экономикасын модернизациялаудың технологиялық негізгі бес басымдығының бірі. Біз өзіміздің іс-әрекеттерімізді сәйкестендіріп, мотивациялық жүйелерді құруға және техникалық реттеу мәселесі төңірегінде бірлесіп жұмыс жүргізуге дайынбыз. Бұл өте маңызды мәселе. Біз заң жобаларын жетілдіруге ұмтылып жатырмыз. Еуроодақ елдерінің техникалық регламентін Ресей аумағына енгізуге рұқсат бердік. Осы мәселе жөнінде сіздердің ойланғандарыңыз да жөн деп білем. Бұл Еуроодақ елдерімен арадағы байланысты бекіте түсері анық. Техникалық реттеу бағытында да бірлескен жобаларды ой елегінен өткізсек артық болмас деп ойлаймын. Көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында да қос елдің тізе қосып, жұптасып жүзеге асырар шаралары алдағы күннің еншісінде екені анық.

Бақылау механизмі жөнінде, форумның ассоциациясын немесе хатшылығын құру жайында да орынды пікір айтылды. Мұнда да екіжақты келісіп, ойластыратын бірқатар проблемалар бар. Сондықтан, осы бағыттағы жұмыстарымыз тұрақты жүргізілуі керек. Осы ретте біздің Үкіметтер мен Президенттер аппараттарына қазіргі заманғы бақылау механизмін құру жөнінде тапсырмалар берейік. Бұл тапсырманың қалай орындалып жатқаны жөнінде ай сайын есеп беріліп тұрулары тиіс.

Нұрсұлтан Әбішұлы Сізге кеңпейілділік пен қонақжайлылық танытып, ашық пікір, келелі кеңес құруға тамаша жағдай жасағандарыңыз үшін тағы да алғысымды білдіргім келеді. Аймақаралық ынтымақтастық форум жұмысының нәтижелі болатындығына сенемін.



Мәжіліс залында.